

**"Алматымұнайөнімдері" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату жөніндегі жабық тендер туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 428

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес және қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті " Алматымұнайөнімдері" акционерлік қоғамының (Алматы қаласы) мемлекеттік акциялар пакетін оның шарттарына қоршаған ортаны мұнай өнімдерімен ластанудан сақтау жөніндегі шараларды міндетті түрде енгізіп, жабық тендерде сатуды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі